

"2020-2022 жылдарға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №359 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 наурыздағы № 388 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 7292 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 359 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7075 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2, 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 44114 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 718 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 43396 мың теңге;

2) шығындар – 44114 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

3-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) мәдениет саласы 1414 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының
кезектен тыс LIII сессиясының төрағасы

Қазалы аудандық
мәслихат хатшысы

Ғ. ӘЛІШ

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының 2020
жылғы 6 наурызы №388 шешіміне
қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2019
жылғы 26 желтоқсаны №359 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	44114
1			Салықтық түсімдер	718
	04		Меншікке салынатын салықтар	718
		1	Мүлікке салынатын салықтар	11
		3	Жер салығы	37
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	670
4			Трансферттердің түсімдері	43396
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	43396
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	43396
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		

			Атауы	
			2. Шығындар	44114
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	24060
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	24060
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18360
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5700
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7066
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	7066
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1597
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	300
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5169
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12988
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	12988
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	12988
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0

		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(0